ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»
Қабылдау комиссиясының төрағасы
_______ Л.Ч.Карабасова
«28» 02 2024 ж.

**B031 «Сән, дизайн» білім бағдарламасының тобы бойынша шығармашылық емтихан БАҒДАРЛАМАСЫ**

Ақтөбе қаласы, 2024 жыл

B031 «Сән, дизайн» білім бағдарламасының тобы бойынша шығармашылық емтихан бағдарламасы «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру бағдарламасына білім алушыларды қабылдау ережесіне» сәйкес құрастырылған.

**Құрастырғандар:**

**Моменов Б.М.** п.ғ.к., доцент, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі, Ұлттық Дизайнерлер Академиясының академигі.
**Қыдыров А.А.** аға оқытушы, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі.
**Аймағанбетов М.Н.** магистр, аға оқытушы, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі.

Шығармашылық емтихан бағдарламасы «Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының отырысында каралды

Хаттама № 8 «27» 03 2024 жыл

Кафедра меңгерушісі __________ Кургамбеков М.С

Шығармашылық емтихан бағдарламасы Кәсіби-шығармашылық факультетінің әдістемелік кеңесімен талқыланды.

Хаттама № 7 «28» 03 2024 жыл

Әдістемелік кеңес төрағасы __________ Тилеужанова Р.А.

## Кіріспе

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті дизайн, өнер және ғылымның әр түрлі салаларында жұмыс атқаратын жоғары біліктілікті мамандар шығарады.

6B02102 - «Дизайн» білім беру бағдарламасы "Сәулеттік және ландшафттық дизайн", "Графикалық және медиа дизайн" және "Визуалды және сән дизайны" бағыттары бойынша дайындық жүргізіледі.

### 1. Шығармашылық емтихан

Шығармашылық емтихан екі қабылдау сынағынан тұрады

- Сурет;
- Сызу.

Оқуға қабылдау шығармашылық емтихандары ҚРЗ.08.303 – 2012 білім беру ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Оқуға қабылдау шығармашылық емтихандары:

- креативтік, бейнелі және құрылымдық ойлау;
- абстрактылы ойлау;
- арнайы пәндерден тапсырма орындау бастапқы кәсіптік дағдыларға ие, шығармашылық қабілеті бар талапкерлерді айқындайды.

Оқуға қабылдау сынағы таңдалған оқу бағдарламасына талапкерлердің қабілеттілігі мен кәсіптік дайындық деңгейін көрсетеді.

- Шығармашылық емтихан 2024 жылдың 08-15 шілде аралығында өтеді.
- Ақылы бөлімге түсу үшін талапкерлердің өтініштерінқабылдау 05 тамыздан 10 тамызға дейін жүргізіледі.
- Ақылы бөлімге шығармашылық емтихан 2024 жылдың 12-15 тамыз аралығында өткізіледі.

Сынақ төменде көрсетілген көлемде орындалады:

**Өткізілетін уақыты:**

6В02102 – «Дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша:

Сурет – 4 сағат

Сызу – 4 сағат

**Шығармашылық емтиханның өту уақыты: $9^{00}$ ден $13^{00}$ ге дейін**

## 2. «Сурет» пәні емтиханын өткізу тәртібі

Сурет пәні бойынша оқуға қабылдау емтиханына гипстік геометриялық денелерден (геометриялық топтары) құрылған натюрморттың бейнелері кіреді.

Сынақ табиғи жарықтандыру арқылы бір кезеңде 4 астрономиялық сағат (240 мин.) көлемінде өткізіледі:

а) көлемдік-кеңістіктік құрылым;

б) мәнерлілікті тонмен анықтау, бөлшектерді пысықтау.

Бұл кезеңде талапкер геометриялық денелердің кескінін контурлық сызықпен белгілеп, оны парақ бетіне бүктеу қажет. Сыртқы және ішкі формалардың тепе-тең қатынасын мұқият зерттей отырып, негізгі жазықтықтар мен оларға тән бөліктерін бейнелеу. Талапкер көлемді тоналды өңдеу және кейбір бөлшектерді мұқият салу арқылы анықтауға тиіс.

Жұмыс әр түрлі қаттылықтағы (ТМ, М, 2М) графит қарындашпен А2 (1/2 ватман беті) қағазда орындалады.

Сурет пәні бойынша оқуға түсу сынақтарында талапкердің көлемді-конструктивті құру дағдылары мен графикалық материалдарын меңгеру деңгейі бағаланады (А, Б қосымшаларындағы тапсырмалар үлгісі).

Инклюзивті (ерекше) талапкер қалыпты талапкерлермен бірге шығармашылық емтихандарды тапсыру барысында, (есту, көру, сөйлеу мүшелерінің ақаулықтары бар талапкерлер үшін) жеңілдіктер қарастырылған:

- Оқытушының бақылауымен талапкердің еркін түрде жүріп тұруына (өз жұмысын тұрып қарауы, берілген қойылымға жақындауы, ұстауы, әжетханаға жиі баруына) мүмкіндік жасау;
- Қол моторикасындағы кемшіліктерді, тірек - қимыл жүйесі негізінде арнайы құрылғымен жүретін талапкерлерді (қарандашты, қылқаламды, бояуларды ұстау, әр түрлі ракурста қолдарды қимылдату барысын және де бірінші қабатта емтиханды қабылдау) ескеру қажет.

1. «Сурет» пәні емтиханынан:
   - Сурет салу барысында суреттің құрылымын тұрғызуда жеңіл түрін қарастыру және штрихтау барысында жартылай штрихтап бітіру.

**Сурет пәні бойынша бағалау критерийлері**

| **Талаптар** | **Балдар** |
|---|---|
| Бейнеленетін заттарды қағаз бетіне дұрыс орналастыру | 10 балл |
| Бейнеленетін заттардың пропорциясын дұрыс таба білуі | 10 балл |
| Заттардың конструктивтік және перспективалық құрылымын дұрыс бере білуі. | 10 балл |
| Бейненің жарық-реңдік қарым-қатынасы арқылы көлемін дұрыс бере білуі | 10 балл |
| Композицияның тұтастығын сақтай отырып, жұмысты аяқтауы. | 10 балл |
| **Барлығы** | 50 балл |

**Ескерту: Бірінші емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға алған талапкерлер (28 балдан төмен ) екінші емтиханға жіберілмейді.**

## 3. «Сызу» пәні емтиханын өткізу тәртібі

Сызу емтиханының нысаны [illegible] жағынан күрделі емес тетіктерден тұрады.

Қажетті материалдар - қарындаштар, А3 (297х420) форматты қағаздар, сызу құралдары.

Сынақ бір кезеңге 4 астрономиялық сағат (240 мин.) көлемінде өткізіледі:

а) қағаз бетіне орналасуы;

б) берілген бөлшектің проекциялық құрылымы.

Жұмыс барысында талапкерге аксонометриялық проекцияға негізделе отырып, үш проекциясын тұрғызу, проекциялы сызу негіздерін жақсы меңгеру деңгейін көрсету қажет. Проекциялық байланыстағы заттардың графикалық құрылысын білуді көрсете отырып, заттардың формасының сипатын және олардың пропорциясын анықтау. Бұл кезеңде берілген проекция бөлшектерінің басқа түрлерін құруға көмектесетін басты түрге ерекше назар аудару керек

(В, Г қосымшаларындағы тапсырмалар мысалдары).

Инклюзивті (ерекше) талапкер қалыпты талапкерлермен бірге шығармашылық емтихандарды тапсыру барысында, (есту, көру, сөйлеу мүшелерінің ақаулықтары бар талапкерлер үшін) жеңілдіктер қарастырылған:

- оқытушының бақылауымен талапкердің еркін түрде жүріп тұруына (өз жұмысын тұрып қарауы, берілген қойылымға жақындауы, ұстауы, әжетқанаға жиі баруына) мүмкіндік жасау;
- қол моторикасындағы кемшіліктерді, тірек - қимыл жүйесі негізінде арнайы құрылғымен жүретін талапкерлерді (қарандашты, қылқаламды, бояуларды ұстау, әр түрлі ракурста қолдарды қимылдату барысын және де бірінші қабатта емтиханды қабылдау) ескеру қажет.

2. «Сызу» пәні емтиханынан:

- Сызу барысында сызуды аксонометриясыз 3 проекциясын тұрғызу.

**Сызу пәні бойынша бағалау критерийлері**

| Талаптар | Балдар |
|---|---|
| Графика[illegible]сырманы қағаз бетіне дұрыс орналастыру | 10 балл |
| Тетік бөлшектің үш көрінісін тұрғызу (көрнекі кескіні бойынша) | 10 балл |
| Сызба сызықтары талаптары бойынша тетік бөлшектің контурын таңдау | 10 балл |
| Сызба талаптары бойынша тетік бөлшектің өлшемдерін қою | 10 балл |
| Тетік бөлшектің аксонометриясын тұрғызу | 10 балл |
| **Барлығы** | 50 балл |

**4. Сурет және сызу пәндері бойынша шығармашылық емтихандар қорытындысы**

Түсу шығармашылық емтихандарының нәтижесі қабылдау комиссиясы мүшелерінің қарауында талқыланады да, қортындысы келесі күні арнайы стендке ілінеді. Қорытынды шығармашылық конкурстың өткізілуінің барлық кезеңінде шығарылады.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасына сай шығармашылық емтихандарының нәтижесін талапкер келесі баллдар санын жинағанда алады:

1) суреттен - 28-ге дейін

2) сызудан - 28-ге дейін

«Қанағаттанарлық» бағасына сай шығармашылық емтихандарының нәтижесін талапкер келесі баллдар санын жинағанда алады:

1) суреттен - 29-дан 38-ге дейін

2) сызудан - 29-дан 38-ге дейін

«Жақсы» бағасына сай шығармашылық емтихандарының нәтижесін талапкер келесі баллдардың санын жинағанда алады:

1) Суреттен - 39-дан 44-ке дейін

2) Сызудан - 39-дан 44-ке дейін

«Өте жақсы» бағасына сай шығармашылық емтихандарының нәтижесін талапкер келесі баллдардың санын жинағанда алады:

1) Суреттен - 45-ден 50 [illegible]

2) Сызудан - 45-ден 50-ге дейін

**Ескерту:** Сурет пәні бойынша ең жоғарғы балл – 50 балл. Сызу пәні бойынша ең жоғарғы балл – 50 балл. Екі пән бойынша

қорытынды балл – 100 балл. Барлық шығармашылық емтихандарға арналған емтихандық қағаздар (қабылдау комиссиясының мөрі басылған) талапкерге емтихандық бетпен бірге беріледі. Емтихандық жұмыстар қайтарылмайды.

**Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:**

1) тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;

2) аудиторияда жүрмеу, орынды алмастырмау;

3) шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

Осы қағидаларды бұзған талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парағына емтихан алушының қолымен расталған шығару себебі жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады.

Шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

1) талапкердің ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);

2) төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін айғақтайтын анықтама ұсынумен расталады);

3) жақын туыстарының (ата-анасы, ерлі-зайып, балалары, асырап алушылар, асырап алғаны, толыққанды және толыққанды емес ағайындары мен апа-қарындастары, атасы, әжесі) қайтыс болуы (анықтамамен расталады).

Дәлелсіз себептермен шығармашылық емтиханға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

Емтихандарды өткізу кезінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған талапкер өзі тапсырады, өтініш шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Талапкер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтініші апелляцияға қарастырылмайды.

## Қорытынды

Заманауи білім беруде сурет пен сызу кәсіпкер дизайнер дайындау үрдісінде маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Дизайн–жобалау, оның техникалық мүмкіндіктері, жаңа мәнерлілік амалдары мен дәстүрлі станковизмнің арасын бөліп тұратын ара қашықтықты іс-тәжірибеде басып өту қиын екені мәлім.

Сондықтан, жобалық мәдениетте дизайн мен бейнелеу өнерінің байланысын талдау ерекше көкейкесті мәселе. Бұл байланыстарға көркемдік кеңістік түсінігі арқылы мағына берілуі мүмкін.

Өнертану теориясы кеңістік ұғымын барлық өнерге тән маңызды және жалпы форма құрылым категориясы ретінде түсіндіреді. Ол уақыт категориясымен үздіксіз байланыста және мәдениетте бүтіндей әмбеп болып табылады.

Болашақ дизайнердің дүние танылымында шығарманың сызу және графикалық ұйымдастыруының түпкі бастамасының айырмашылығын сипаттайтын, осы әр түрлі модельдік ерекшелікке мағына беретін айқын тақырыптар аса маңызды. Оларды өзара салыстыру-шығармашылық мақсатты сенімді тұжырымдап, сызу мен суреттегі тәрізді дизайн - жобалауда шешімділікке мүмкіндік туғызатын мәнерлілік амалдарын табуға жағдай жасайды.

Болашақ әмбебап жобалаушы ретінде дизайнердің қабылдауға, бағалау мен түсінуге әдеттілік пен эстетикалықтың бейнелеу өнеріне тән әдістермен дизайн тілін байыта, адамның барлық көркемдік тәжірибесін түсіндіріп беруге қабілетті болғаны абзал.

## ҚОСЫМШАЛАР

Сурет 1. Қосымша А (ұсынылған)








Сурет 2. Қосымша Б (ұсынылған)
Сурет 3. Қосымша В (ұсынылған)

Сурет 4. Қосымша Б (ұсынылған)




## Әдебиеттер тізімі

1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім

беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. - Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «31» казандағы № 600 бұйрығымен бекітілген.

2. Никитенко Б.Б., Кульбаева Р.М. Сызу. 9-сынып, 2-бөлім. –Keleshek-2030.kz., 2013.- 160 б.

3. Чукалин В.Г., Ахметжанов М.М. Сызу. 9 сынып. Оқулық. – Atamura.kz, 2013.

4. Хорошаев А.В. Рисунок: методические указания. – Бийск, 2016. – 24 с.

5. Сагимбаев А.А., Моменов Б.М. Рисунок. – Актобе, 2018.

6. Сызу, 8 сыныб, Рахманов И., 2019

7. Сызу, 9 сыныб, Рахманов И., 2019.

8. Черчение, 9 класс, Методическое пособие, Преображенская Н.Г., Кодукова И.В., 2019

9. Черчение, 9 класс, Учебник, Ботвинников А.Д., Виноградов В.Н., Вышнепольский И.С., 2019

10. Черчение, учебник для 8 классов средних общеобразовательных школ, Рахманов И., 2019

11. Черчение, учебник для учащихся 9 класса школ общего среднего образования с русским языком обучения, Рахманов И., 2019

12. Şekillendiriş sungaty, 5 synp, Kuziýew T., Abdirasilow S., Nurtaýew Ö., Suleýmanow A., 2020

13. Tasviriy san at, 4 sinf, Sulaymonov A., Rahmonov I., Sulaymonova Z., 2020

14. Бейнелеу өнері, 5 класс, Кузиев Т., Абдирасилов С., Нуртаев О., Сулайманов А., 2020

15. Детский рисунок, Почему, когда и как дети занимаются творчеством, Гудмен М.Дж.С., 2020

16. Дизайн, Наглядное пособие для учителей, Колесова М.Н., 2020

17. Изобразительное искусство, 1 класс, учебник, Савенкова Л.Г., Ермолинская Е.А., 2020

18. Изобразительное искусство, 7 класс, Рабочая программа, На 2020-2021 учебный год, Еремеева И.Е., 2020

19. Изобразительное искусство, учебник для 4 класса школ общего среднего образования, Сулейманов А., Рахманов И., Сулейманова З., 2020

20. Инженерная графика, Методические указания, Петренко М.А., 2020

21. История искусств, Павлов А.Ю., 2020

22. Методика преподавания изобразительного искусства в начальной школе, учебно-методическое пособие для студентов направления подготовки «Педагогическое образование», Дамба И.Н., Куулар Р.А., 2020

23. Основы композиции, Бадян В.Е., Денисенко В.И., 2020

24. Основы методологии дизайн-проектирования, Панкина М.В., 2020

25. От Твин Пикс до Чернобыля, Главные сериалы 1990-2020, Росовецкий А., 2020

26. Практические и семинарские занятия по курсу «Методика преподавания изобразительного искусства в начальной школе», учебно-методическое пособие для студентов направления подготовки «Педагогическое образование», Дамба И.Н., 2020

27. Санъати тасвирй, 5 синф, Кузиев Т., Абдирасилов С., Нуртоев У., Сулаймонов А., 2020

28. Сурөт өнөрү, 5 класс, Кузиев Т., Абдирасилов С., Нуртаев У., Сулайманов А., 2020

29. Теория и методика рисования в дошкольном возрасте, Бутенко Н.В., 2020